

ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ КОДЕКС

МӘЖБҮРЛІ НЕМЕСЕ ЕРКІНЕН ТЫС ЖҰМЫСҚА САЛУ

Компанияда жұмыскерлерді еркінен тыс, міндеттеп, мәжбүрлеп жұмысқа салу, құлдықта ұстау немесе қамап жұмысқа салу сияқты еңбек түрлері қолданылмауы тиіс. Жұмыс ерікті болуы тиіс және жұмыскерлер кез келген қолданыстағы заңнамаға немесе еңбек шартына сәйкес еңбек қатынастарын тоқтатуға құқылы болуы керек.

БАЛАЛАР ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ЗАҢСЫЗ ЕҢБЕК

Балалар еңбегінің немесе заңсыз еңбектің кез келген түрін пайдалануға қатаң тыйым салынған.

АДАМ САУДАСЫ

Адам саудасының кез келген түрін пайдалануға немесе оған катысуға қатаң тыйым салынған.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТАРТЫП АЛУ

Жұмыскерлерден жұмыс істеуге берілген рұқсаттарды, жеке куәліктерді немесе кіру/кету құжаттарын қоса алғанда, жеке басын куәландыратын құжаттарды немесе басқа да құнды заттарды тәркілеуге немесе тартып алуға қатаң тыйым салынған. Жеке құжаттарды тартып алу жұмыскерлерді жұмыс орнында мәжбүрлеп ұстау немесе олардың жүріп-тұру еркіндігін шектеу құралы ретінде пайдаланылмауға тиіс.

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ

Барлық жұмыскерлерге (еңбек мигранттарын қоса алғанда) жалақыға, жұмыс уақытына және басқа да еңбек және жұмыспен қамту жағдайларына қатысты құқықтары мен міндеттерін нақты көрсете отырып, өздері түсінетін тілде жазбаша еңбек шарттары берілуі тиіс. Еңбек мигранттары өздерінің еңбек шарттарын жұмыс басталғанға дейін алуы тиіс.

КЕПІЛДІКТЕР

Ешбір жағдайда жұмыскерлерден "өз қалауы бойынша жұмыстан шығарудан сақтандыру" ретінде кепілзат немесе кепіл төлемдерін жасауды талап етуге болмайды.

ІЗГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Жұмыс орнында қандай да бір дөрекі немесе адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас түрі қолданылмауы тиіс. Тәртіптік саясаттар мен рәсімдер нақты анықталып, барлық жұмыскерлердің назарына жеткізілуі керек және қандай да бір адамгершілікке жатпайтын тәртіптік шараларды қамтымауы тиіс. Физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықты қолдануға немесе қорқытуға, жұмыскерді, оның отбасын немесе жақын туыстарын қудалауға және қорқытуға қатаң тыйым салынады.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ТЕҢДІК

Барлық жұмыскерлерге, олардың ұлтына немесе құқықтық мәртебесіне қарамастан, әділ және тең көзқарас болуы керек. Еңбек мигранттары ел азаматтарына қолжетімді жағдайлардан кем емес қолайлы еңбек жағдайларымен (оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей жалақы, жеңілдіктер және тұрғын үй) қамтамасыз етілуі тиіс. Еңбек мигранттарына (немесе олардың отбасы мүшелеріне) оларды жұмыс істеуге мәжбүрлеу немесе жұмысқа орналастыру мақсатында билік органдарына шағымданумен қорқытпау қажет.

ЖАЛАҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Барлық жұмыскерлерге қолданыстағы заңнамада көзделген төменгі жалақы төленуі керек, сондай-ақ заңда көзделген барлық жеңілдіктер берілуі керек. Жалақы ұлттық заңнамаға сәйкес жұмыскерлерге үнемі тікелей төленуі керек және кешіктірілмеуі, кейінге қалдырылмауы немесе ұсталмауы керек. Ұлттық заңнамада көзделген шегерімдерге, аванстарға және қарыздарға ғана рұқсат етіледі. Жұмыскерлерге жұмыс істеген сағаттары, жалақы мөлшерлемелері және заңды шегерімдерді есептеу туралы нақты және ашық ақпарат берілуі керек. Барлық жұмыскер өз кірістерін толық және жан-жақты бақылай алуы тиіс. Жалақыдан шегерімдер жұмыскерлерді жұмыс берушіге немесе жұмысқа тәуелді ету үшін пайдаланылмауы тиіс. Жұмыскерлерді қарызды өтеу үшін тәуелділікте ұстауға немесе қарызды төлеу үшін мәжбүрлеп жұмыс істетуге болмайды. Жалақы, оны төлеу, аванстар мен қарыздар бойынша міндеттемелерге қатысты алдауға тыйым салынады.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ

Жұмыскерлер ұлттық заңнамада рұқсат етілген сағат санынан тыс жұмыс істемеуі тиіс. Жұмыскерді тәртіптік жаза ретінде немесе өндірістік нормаларды орындамағаны үшін жұмысқа салуға тыйым салынады.

ҚОЗҒАЛЫС ЕРКІНДІГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ БАС БОСТАНДЫҒЫ

Жұмыскерлер жұмыс орнында немесе жұмыс беруші немесе жалдау агенттігі басқаратын ғимараттар сияқты іргелес үй-жайларда физикалық тұрғыдан шектелмеуі керек; жұмыскерлердің қозғалыс еркіндігін немесе жеке бас бостандығын шектеу үшін басқа мәжбүрлеу құралдары пайдаланылмауы тиіс. Жұмыскерлер еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек қатынастарын тоқтатуға және жұмыс орнынан кез келген уақытта кетуге құқығы болуы керек.

ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Шағымдарды қараудың тиімді тәртібі жеке немесе басқа жұмыскерлермен бірге істейтін кез келген жұмыскер өзіне зиян келтірместен немесе қудалаусыз шағым бере алатындай етіп белгіленуі керек.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН СЫЙАҚЫ

Жұмыскерлерден сапарларға, ресми құжаттарды рәсімдеуге және қажет болған жағдайда тұрғылықты елінде де, қабылдаушы елде де жұмыс визаларына байланысты кез келген шығыстарды қоса алғанда, жұмысқа орналастыру үшін қандай да бір сыйақы тікелей де, жанама да алынбауы тиіс.

ҚЫЗМЕТКЕРДЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖАЛДАУ АГЕНТТІГІ

Егер жұмысқа жалдау кадрлар агенттігі арқылы жүзеге асырылса, онда бұл агенттіктер заңды түрде жұмыс істеуі, біздің стандарттарды сақтауы және жұмыскерлерді мәжбүрлі жұмысқа тарту немесе адам саудасы қаупіне ұшырататын алаяқтық әрекеттерге қатыспауы керек.

**«KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі бекітті
2024 жылғы 25 маусым**